



Монголияның Баян-Өлгей аймағында тұратын қазақ диаспорасына ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 7 сәуір N 536

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Монголияға 1999 жылғы қарашадағы сапары кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекеттік экспорттық астық ресурстарынан:

1) Монголияның Баян-Өлгей аймағында тұратын ұзақ диаспорасына ізгілік көмек көрсету үшін 5 000 (бес мың) тонна азықтық бидай;

2) CIF шекара шартымен жоғарыда көрсетілген астық көлемін темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі шығындарға бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Көлік және коммуникациялар министрлігімен және Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесіп тиісті тарифтерді арзандату жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы

қаулының шыққан күнінен бастап 30 (отыз) күн ішінде ізгілік көмекті "Наушки"(Ресей) станциясына дейін жеткізууді қамтамасыз етсін.

4. Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалуы жөнінде өз құзыретінің шегінде қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК